

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 102 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 наурызда № 4471 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 263 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 28.03.2019 № 263 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Шымкент қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 687 "Шымкент қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа

толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4180 болып тіркелген, 2017 жылғы 23 тамызда "Шымкент келбеті" газетінде және 2017 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімде баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы М.Нышамбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Г.Құрманбековаға жүктелсін

8. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н.Сауранбаев

Шымкент қаласы
әкімдігінің "28" ақпандағы
2018 жылғы № 102
қаулысына 1 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа оналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Шымкент қаласы ұйымдарының тізімі

				Пробация қызметінің
--	--	--	--	------------------------

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Оңтүстік Қазақстан облысының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқындағы "Құралдарды және медициналық мақсатта қолданылатын бұйымдарды залалсыздандыру орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	128	2	2
2.	Оңтүстік Қазақстан облысының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқындағы "Тұрмахан Орынбайұлы Орынбаев атындағы облыстық жоғары қысымды оксигенация орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	157	2	3
3.	Оңтүстік Қазақстан облысының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқындағы "Облыстық кардиологиялық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	325	2	6
4.	"Шымкент қаласы әкімдігінің "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	184	2	4
5.	"Шымкент қаласы әкімдігінің "Өмірлік қиын жағдайға түскен адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1
6.	"Шымкент қаласы әкімдігінің "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	76	2	1
7.	Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің "Ветеринариялық қызмет" шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	101	2	2
8.	Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Оңтүстік Қазақстан саз колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	187	2	4
9.	Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Индустриальды-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	171	2	3
10.	"Шымкент қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің "Қуатжылуорталық-3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	568	2	11
11.	"Шымкентцемент" акционерлік қоғамы	285	2	6
12.	"Шымкентмай" акционерлік қоғамы	764	2	15
13.	"Химфарм" Акционерлік қоғамы	1048	2	20
14.	"КазТрансГаз Аймақ" Акционерлік қоғамының Оңтүстік Қазақстан өндірістік филиалы	148	2	3

15	"Шымкент жасыл қала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	329	2	6
16	"Тігін фабрикасы "Гауһар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	198	2	4
17	"КЭММ - 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	240	2	5
18	"Дау-Мед" клиникасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	137	2	3
19	"Казмедприбор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	138	2	3
20	"Рахат-Шымкент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	742	2	15
21	"Pioneer Grain Products" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	192	2	4
22	"Шымкент құс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	325	2	6
23	"А.Р.Т.-Құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	145	2	3
24	"ТҮРКІСТАН ЖОЛСЕРВИС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	190	2	4
25	"Бал Текстиль" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	250	2	5
26	"Ferrum-Vtor" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	195	2	4
	Барлығы:	7278		143

Шымкент қаласы
әкімдігінің "28" ақпандағы
2018 жылғы № 102
қаулысына 2 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квотасы белгіленетін Шымкент қаласы ұйымдарының тізімі

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
27	"Шымкентмай" акционерлік қоғамы	764	2	15
28	"Шымкент жасыл қала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	329	2	6
29	"А.Р.Т.- Құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	145	2	3

30	"Бал Текстиль" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	250	2	5
	Барлығы:	1488		29

Шымкент қаласы
әкімдігінің "28" ақпандағы
2018 жылғы № 102
қаулысына 3 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі

Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік санының)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
"ВИЗ и Т" алкогольсіз сусындар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	171	2	3
Барлығы:	171		3